



17 қараша, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz




https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2

«Жұмыс беруші күні»
тараптар үшін тиімді



4

Азаттық жолындағы
күрес



5

Миграция жағдайы
тұрақты



6

«Сыр бойы түгел
сол қызды мақтап...



ПРЕЗИДЕНТ



ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ӨМІРІ – ЕЛДІ СҮЮДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға жұмыс сапары аясында алдымен Changan, Chery, Haval маркалы автомобильдер шығаратын зауыттың іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

Президентке жобаның төл-құжаты таныстырылып, 2024 жылдың төртінші тоқсанында ашылады деп жоспарланған зауыттың үлгісі көрсетілді. Зауыттың өндіріс аумағы 100 мың шаршы метрден асады. Үш автокөлік маркасының әрқайсысы үшін дәнекерлеу және құрастыру жұмыстарына

арналған жеке цех салынады. Зауыт іске қосылғаннан кейін оның өндірістік қуаты жылына 90 мыңнан астам көлік шығаруға жетеді. Инвестицияның жалпы құны 100 миллиард теңгеден асады. «Astana motors» компаниясы 2200-ге жуық жұмыс орнын ашады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының жұртшылығымен кездесті.

Президент кездесу барысында Алматының ел тарихында айрықша орын алатынын атап өтіп, осы қалада Егемендік декларациясы мен Қазақстанның Тәуелсіздігі жарияланғанын айтты.

Мемлекет басшысы бірқатар түйткілді мәселені атап өтіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына баса мән беру қажеттігін жеткізді.

Бірқатар ауданда орталықтан берілетін су жоқ. Алматының 30 мыңға жуық тұрғыны суды тасып ішеді. Әкімдікке 3 жылдың

ішінде барлық тұрғындарға орталықтан су беруді тапсырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қала халқының саны күн өткен сайын өсіп келе жатқанына тоқталып, тұрғын үй құрылысына айрықша мән берілетінін айтты.

Жалпы, Алматы жастары үшін баспаналы болу қол жетпес арман болмауы керек. Басында баспанасы бар жастардың ертеңгі күнге деген сенімі артады. Қалада тұрғын үй тапшылығын азайту – аса маңызды міндет.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ОН АЙДЫҢ ОЛЖАСЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-Министрі Әлібек Қуантыровтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстанның биылғы 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен жылу маусымы кезеңіндегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Жиынға министрлер мен селекторлық байланыс арқылы өңір әкімдері қатысты.

өңір көшбасшылар қатарында

Бірінші мәселе бойынша Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндама жасап, аталған кезеңде республикада ЖІӨ өсу қарқыны 2,5%-ды құрағанын, өңірлер арасында инвестициялардың өсу қарқыны бойынша Қызылорда облысы бірінші орында екенін, яғни аймақтағы өсім 25%-ды құрағанын жеткізді. «Есепті кезеңде инвестицияның өсу қарқыны бойынша үздік көрсеткіштер

Қызылорда, Шығыс және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелген», – деді Әлібек Қуантыров.

Министр құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі бойынша Шымкент қаласы мен Ақмола және Қызылорда облыстары алдыңғы қатарда екенін баса айтты. Есепті кезеңде Сыр өңірінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 22,9%-ға ұлғайды.

2-бет

СЕРПІН

7 айда 18 НЫСАН

жаңа ғимараттар һәм игі бастамалар



Кейінгі 7 айда Қызылорда өңірінде заманауи нысандар салу ісі қарқын алды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр еліне қолдауы негізінде облыс орталығында қала көркін келтіріп, ажарын аша түсетін бірнеше зәулім ғимараттың іргетасы қаланып, жаңа әлеуметтік

нысан салу бастамасы сәтті жүзеге асуда. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта туған жеріне жанашыр демеушілерді ортақ іске біріктіріп, 9 млрд теңгеге жететін ауқымды жобалардың жүзеге асуына дәнекер болды.

3-бет

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Экономиканы дамыту үшін тікелей инвестицияға басымдық беру маңызды. Өйткені инвестиция – кез келген экономиканы алға жылжытушы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі кезекті Жолдауында «Инвестиция тарту жұмысын жүйелі жүргізу керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі» деген болатын.

Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»



Тың жобалар қолға алынууда

Қазақстан кейінгі бес жылда жыл сайын шамамен 20 млрд доллардан астам шетелдік инвестиция тартқан. Бұл – Ұлттық банк ұсынған ресми дерек. Ендігі міндет – осы көрсеткішті

25 млрд долларға жеткізу. Үкімет 2026 жылға қарай аталған межені бағындыруды жоспарлап отыр. Шетел инвесторларының берекелі елге үйір екенін ескерсек, тұрақты қалпынан танбаған еліміз үшін бұл межені бағындыруға мүмкіндік мол.

3-бет

ӨЗЕКТІ



«ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН» ЕМТИХАН: АҚИҚАТҚА ҚАМШЫ АУЫР

Келесі оқу жылынан бастап 5-8 және 10-сынып оқушылары қазақ тілінен емтихан тапсырады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі хабарлады.

4-бет

ТЕҢГЕ КҮНІНІҢ ТАРТУУЫ

Бүгінде Ұлттық валютамызға – 29 жыл толып отыр. 1993 жылдың қараша айында Ұлттық теңгеміз қолданысқа енгізіліп, төл валюта ретінде айналымға қосылған болатын. Сейсенбі күні қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында арнайы жиын өтті.

Салтанатты іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай, қаржы саласының ардагерлері Дайрабай Ысқаков, Ниязбек Маканжанов, Қалқазбек Әжібеков қатысты.

1992 жылы Ұлттық теңгеміздің толық кескіні бекітілген болатын. Сол кезден бүгінгі күнге дейін төл теңгеміз қаржы саласының ең маңызды бөлігі ретінде роль атқаруда. Атап айтсақ, ел экономикасына шетелдік инвестициялар тартылып, өндіріс пен ауыл шаруашылығы нарықтық экономикаға сай қайта жаңғыра бастады. Бұл халықтың әлеуметтік жағдайын оңайландыруға өз септігін тигізуде. Сол себепті бүгінгі атаулы мерекенің тарихта ойып тұрып орын алуы тегін емес, – деді қаржы және салық саласының ардагері Дайрабай Ысқақұлы.

Басқосуда төл теңгенің тарихы мен бүгінге дейінгі қаржы жүйесінің қалыптасу кезеңіне шолу жасалды. Осы саланың қырыққа жуық үздік қызметкері марапатталды.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың «Қаржы органдарының құрылуына – 100 жыл» мерекелік төсбелгісімен Ринат Құдайбергенов, Фарид Аббасова, Әлия Жакыпбаева, Айнұр Сыздыкова мен Жанар Бекжанова марапатталды. Сондай-ақ, Гүлзат Қарабалаева, Ғалым Шағдаров, Берік Қалдыбекұлы мен Жасұлан Алайдарұлына ҚР Қаржы министрлігінің аппарат басшысы Абзал Бейсенбекұлының «Алғыс хаты» табысталды. Бұған қоса, облыс әкімінің «Алғыс хатымен» басқарманың үздік қызметкерлері марапатталып, оларға құрмет көрсетілді.

«СБ» ақпарат



Әлем көз тіккен Катар

FIFA WORLD CUP
Qatar 2022



Жер-жаһан жұртшылығы асыға көз тіккен футболдан Әлем чемпионатының басталуына небәрі екі күн қалды. Катар елінде жалауын көтеретін доп додасында барлығы 32 құрама айға жуық уақыт бойы дүние жүзіне қызықты ойындар сыйлайды. Жасыл алаң төрінде шындалған футбол жұлдыздары тағы бір мәрте жанкүйер қауымына тартысты бәсеке тарту етпек.

Сб Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

6-бет



Алаш ардақтысының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Алдымен әділетсіз өмірдің ащы көрінісі он үштегі бала жүрегін жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі қысымға, қорлық пен зорлыққа шыдамай, уезд басшысы, полковник Яковлевтің басын жарады. Бұл жағдайдың соңы олардың дүние-мүлкін тартып алып, өздерін Сібірге 15 жылға жер аударуға апарып соғады. Ахметтің әкесі орыс отаршылдарымен осылай жағаласып, Қазаннан келген әскери округтің сот комиссиясы шешімімен қаторға айдалған. Байтұрсын Шошақұлы туралы М.Дулатов былай дейді: «Егер Еуропаның әралуан және әдемі табиғаты Ньютон, Маркс, Толстой, Рафаэль және т.б. ғылым мен өнердің ұлы адамдарын тудырған болса, ал Азияның далалық табиғаты Шыңғысхан, Темірлан, Кенесары, Сырым және т.б. сияқты өзіндік ерекше ұлы қаһармандарды туғызды. Күшті адамдардың санына күрметті Ахметтің әкесі Байтұрсын Шошақұлы да жатады. Болашақ күшті және табиғатынан туа біткен қуатты Байтұрсын бостандық сүйгіштігімен ерекшеленді және өзі де ешқандай билікті мойындамады».

Ахмет ауыл молдасынан хат таниды, содан соң Орынбордағы мұғалімдік мектепте төрт жылдай оқып, білім алды. Оны бітірісімен Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде мұғалім, кейіннен Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарды. Осы тұста ол өмір, тіршілік майданына араласып, әділет үшін күресті, зорлықшылдарға қарсылық білдірді, патшаның отаршылдық саясатын айыптады. Жастығына қарамастан терең білімді де білікті, еркін мінезді, ойшыл Ахметтің ел ішінде беделі өсіп, салмағы арта бастады. Жан-жақты ізденіп, сан алуан кітаптар оқып, аудармамен шұғылданып, ғылым жолына түсті.

Ахметтің саяси күрес жолына

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туралы кезінде Сөкен Сейфуллин «Өзге оқыған замандастары өз пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бөйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйетін ұлтшыл» деп жазды.

Азаттық жолындағы күрес



түсуіне ықпал еткен оқиға 1905 жылғы патша манифесі болды. Ол 1905 жылы жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Ресей Министрлер Кеңесінің төрағасы Виттенің атына жазылған бұл петицияда сол кездегі қазақтың бүкіл талап-тілегі көрініс тапты. Онда қазақ халқы патша үкіметінің отарлық саясатты тоқтатуын, тартып алынған жерлерді қайтаруын, дала губернаторының қазақты ешқандай сотсыз айдаптып жіберуін тоқтатуды, қазақша газет, мектеп, баспахана ашуға цензура қоймауын, халықтың мүддесін қорғау үшін Ресей Думасына қазақтардан депутаттар сайлануын талап етті. Петиция Петербургке жөнелтілген соң, бір жарым айдан кейін қазақтардан Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлануға рұқсат берілген хабар келді. Депутат болып сайланған қазақтар Дума мінбесінен сөз сөйлеп, ұлт мүддесін қорғады.

Дегенмен қазақтардың саяси белсенділігінің артуы патша үкіметіне ұнаған жоқ. Сөйтіп, петиция авторларын қудалап, соттап, жер аударды. Осы кезде Қарқаралы училищесінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген Ахметті жұмыстан босатып, Қарқаралы абақтысына қамады. Ол ешнәрсеге мойымастан өзінің «Маса», «Қырық мысал» жинақтарын жазып, баспадан шығарды. Екінші рет 1909 жылдың шілде айында губернатор Тройницкийдің бұйрығымен қайта тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалды. Бір жылдан соң, 1910 жылы наурызда түрмеден босатылып, Орынборға жер аударылды.

Ахметтің Орынборда болған кезі – саяси қызметінің жарқын беттері. Онда 1917 жылға дейін қызмет жасады. Орынборда болған кезінде Уфадағы «Галия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының инициативасымен елден қаражат жинап, 1913 жыл-

дан бастап «Қазақ» газетін шығарып, оған 1917 жылдың соңына дейін редактор болды.

Бес жылдай уақыт өз қаражатымен шығып тұрған «Қазақ» газеті, ең алдымен, қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен орган болды. Ата-

мәңгілік ескерткіш» деп жазды. «Қазақ» газетінің бетінде Ахмет Байтұрсынов қазақ қоғамының келелі саяси-әлеуметтік мәселесін көтеріп, оны өзінің отарлық бұғаудан қазақты құтқару жолындағы күресінің құралына айналдырды. Өзінің саяси-әлеуметтік көзқарасын газет бетінде насихаттаумен қатар, оны іске асыру үшін үлкен ұйымдастыру жұмыстарын да жүргізді. Жалпықазақ съездерін шақыруға мұрындық болып, оларды шақыру, өткізу жұмыстарына белсене қатысты. Сондай съездің алғашқысы 1917 жылы 2-8 сәуірде Орынбор қаласында «Торғай облыстық съезі» деген атпен өткізілді. Съезде он төрт мәселе талқыланып, ауылдық, уездік, болыстық және облыстық азаматтық комитеттер құруға шешім қабылданды. Жалпықазақ съезін шақыруға шешім қабылданып, Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған сегіз адам ұйымдастыру бюросын құрды. Оған съездің бағдарламасын даярлау, өткізілетін уақыты мен орнын белгілеу тапсырылды. Съезд мерзімді баспасөздің маңыздылығын ескере отырып, «Қазақ» газетін жиірек шығарып тұру қажет деп тапты. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру қажет деп, әрбір жүз мың үйге бір мектептен болу керектігін көрсетті. Съезд қарарларын орындауды ұйымдастыра отырып, Ахмет қазақтың ұлттық-демократиялық партиясы «Алашты» құруға белсене қатысты. Оның бағдарламалық құжаттарын даярлауға және құруға атсалысты.

1917 жылы шілденің 21-26 аралығында шақырылған Екінші Жалпықазақ съезі Орынборда болды. Съезде қазақтың территориялық-ұлттық автономиясын құру, жер мәселесін шешу, мемлекет басқару ісін, халықтың милиция, сот қуру, халыққа міндетті түрде бастауыш білім беру, қазақтың саяси партиясын құру, т.б. болды. Съездің шешімі бойынша Алашорда үкіметі құрылды, құрамы бекітілді. Оқу-ағарту комиссиясы құрылып, оның төрағалығына Ахмет Байтұрсынұлы бекітілді. Онда қызметте жүрген кезінде қазақ халқының жаппай, соның ішінде қазақ балаларының ұлт тілінде сауат ашуын қалап, білім беруге арналған бағдарламалар дайындалды. 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдар аралығында Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызме-

тін атқарды.

Ахмет қай кезде болмасын саяси қызметпен қатар ағарту қызметін де алып жүрді. Алдымен төл әліпбиімізді жасап, оқулықтар құрастырды. 1912 жылы ана тіліміздегі тұңғыш әліппеіміз «Оқу құралын» жазып шығарды. Одан кейін қазақ тілінің «Тіл құралы» атты тұңғыш оқулығы жазылды. Бұл – сөз, сөйлем, буын, дыбыс, сөз тұлғалары, сөз жазудың жалпы ережелері, жұрнақтар, сөз таптары жөнінде тұңғыш теориялық мәселелер талданып, таразыланған құнды еңбек. «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-зерттеу еңбегі әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралына Еуропаның әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға қазақша балама табады. Баспасөзде қазір кеңінен қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі, көрнекілігі, оның тараулары, көрнектеу, мензеу, тенеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу сияқты ұғымдарды тұңғыш енгізіп, термин дәрежесіне көтеріп, анықтап бергені тарихи шындық. Оның әдебиет, лингвистика салаларында жасаған терминдері күні бүгінге дейін өз құнын жоймай халық игілігіне жарауда.

Халқы үшін осындай өлшеусіз қызмет қылған Ахмет азап отынан айналып кете алмады. 1929 жылы 2 маусымда Алматыда тұтқындалып, сол жылдың соңына қарай Мәскеудегі «Бутырка» түрмесіне жіберілді. 1930 жылы 4 сәуірде ату жазасына кесілді. Бірақ бұл шешім қайта өзгеріп, 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылып, Архангельскіге жер аударылды. 1934 жылы Максим Горькийдің әйелі Е.Пешкованың араласуымен айдаудан босайды. Одан кейін бірнеше жыл өз отбасымен Алматыда тұрып, 1937 жылы қайта тұтқындалып, ату жазасына кесіледі. 1937 жылы 8 желтоқсанда үкім орындалып, атылды. Ол өз өмірінде жалған жаламен 5 рет түрмеге қамалған. Сонғысынан аман қала алмады.

Тарих өз шындығына бәрібір жетпей қоймайды. Елу жылдан соң шындық ашылып, 1988 жылы ақталды.

Қ.ҚЫПШАҚБАЕВ,
«Болашақ» университеті
жоғары колледжінің
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының магистрі,
педагог-зерттеуші

«Қазақ тілінен» емтихан: Ақиқатқа қамшы ауыр

«Қазақ тілі» пәнінен емтиханды 5-8, 10-сынып оқушылары тапсырады. Мұндай өзгерістер келесі, яғни 2023-2024 оқу жылынан бастап енгізіледі. Бұған дейін қазақ тілінен емтиханды тек 9 және 11-сынып оқушылары ғана тапсыратын. Олар да осы пәннен емтихан тапсыруды жалғастырады.

Бұл ұсыныс қазақ тілі мұғалімдерінің съезінде және Оқу-ағарту министрінің қатысуымен өткен мұғалімдер қауымдастығы өкілдерінің кездесуінде айтылған болатын. Қазақ тілінен емтихан жазбаша және ауышша түрде өтеді. Тындау, айту, оқу және жазу сияқты дағдылар бағаланады. Емтихан тапсырмаларын оқытушылар академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып өздері құрастырады. Бұл пән бойынша қорытынды бағалар 5-8, 10-сыныптарда емтихан және жылдық бағалау қорытындылары бойынша қойылады» делінген хабарламада.

Жаңалық жария болғаннан қоғамда қызу талқылана бастады. Әрине, қолдаушылар да, қарсылық та бар. Қарсылық танытушылардың аса белсенділері Оқу-ағарту министрлігіне «мектепті сынақ алаңына айналдыруды доғарындар! Алдымен қазақ тілін оқытудың әдістемесін жөндеңдер!» деген сипаттағы үндеу жасап үлгерді. Орыс мектептерінің ата-аналары балаларының қазақша қарапайым мәтінді жазға алмайтынын, жазбақ түгілі берілген тапсырманы түсінбейтінін айтып дабыл қағып жатыр.

Дегенмен бір ақиқаттан аттан өте алмаймыз. Ол – орыс сыныбын бітірушілердің көбісінің қазақ тілінің бастапқы деңгейін де игере алмауы. Бұл проблема біздің өмірде де бар, бірақ аса біліне қоймауы мүмкін. Солтүстік өңірлерде өте өзекті. Оған министрліктің Facebook парақшасына жазылған пікірлер



дәлел. Мәселен, солтүстік облыстағы орыс мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Медегет Бекішов былай деп жазыпты: «Бұл жаңалықты оқып, қуандым әрі қорықтым. Түсіндіріп көрейін, біздің қоғамда «қазақ тілінсіз де күнімді көре аламын» деген көзқарас бар. Мына бастама соны өзгертедін шығар. Неден қорқағымызды айтайын, ол – үлгерім мен білім сапасы. Емтихан өткізгенде шындықты бүркемелемей, жағдайды қалай бар солай көрсетуіміз керек. Сонда ғана сапа мен үлгерім деңгейі жайлы нақты картина көз алдыңызға келеді.»

Тағы бір пікір «емтихан ештеңе шешпейді. Егер 2 қойсаң, өзінді түрткілейді. Сабақ бере алмайсың деп. Айқайдың астында қалмайын деп 4-5-ті қоясың. Бірақ көрсеткіш ноль» дейді. «Бәріміз де орыс тілін жақсы көріп бара жатқаннан үйренген жоқпыз, қоғамда аяғыңды аттап бассаң жан-жағыңның бәрі орысша болған соң үйрендік емес пе?!» Бұл да – сол жердегі комментарийдің бірі. Жаны бар сөз, қажеттілік туындаса адамның алмайтын қамалы жоқ.

Орыс сыныбы дейміз-ау, қалың сыныбында оқытандардың өзінде кездесетін, көзге ұрып тұрған келеңсіздік – қазақша жазу сауаттылығының тым құлдырап кеткені. Балалардың WhatsApp арқылы жазысқан хабарламаларын оқысаңыз, «айналайындар-ау, сендерге мектепте қазақ тілі сабағы бола ма?» деп құрсысыз. Ескерту айтсаңыз, «асығып жазғаным, қысқартып жазғаным, бір-бірімізді түсінсек болды емес пе?» деген уәж естілініз анық. Өз-өзіне аса сенімділері «мен шетелге оқуға түсем немесе айтшының болам, қазақ тілінің қажеті қанша?!» деп шалқаннан түсіре жазайды. Әлеуметтік желіде катеден көз сүрінеді және жазғыштар мұны білімсіздік деп есептемейді. «Бастысы, ойын жеткізсе болды да, соның қатесін тергіштегеннен не пайда?» деп өзінді кінәлайтынын кайтерсіз... Қашықтан оқу кезінде WhatsApp-қа келген небір жазбаларды айтпай-ақ қояйық...

Жаңалықты қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін бірнеше мұғаліммен бірге талқыла салдық.

– Орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті бұрын екі бөлек пән еді, қазір бір пән болып оқытылады. Орыс сыныптарының оқушылары әуелі орысша ойлап, сосын аударма жасау арқылы тапсырманы орындайды. Қазақ тілі пәнінен бағдарлама бойынша бұрынғыдай сауаттылыққа бағытталтын дидактик жұмысы алынбайды.

Орыс сыныптарындағы оқушылар қазақша әдеби кітаптарды көп оқымағандықтан, қазақ тілінің сөздік қорындағы көп сөздерді түсінбейді, – дейді олар бірауыздан.

Бұдан шығатын қорытынды қандай? Қазақ тіліне қажеттілік жоқтықтан оны оқуға деген ынта шамалы, құлбілтелеп қайтеміз, жоқ деп турасын айтайық. Қажеттілік неден туындайды? Осындай емтиханда қойылатын талаптардан. Ауыл мектебінен түлеп, қалаға оқуға барған аға ұрпақтың мысалынан көп нәр сені байқауға болады. Оларға орысшаны өмір қажеттілігі үйретті, қарапайым күнкірістен бастап, жұмысқа тұру, қызметте өсу үшін орыс тілін білу міндетті еді.

– Бала жауапкершілікті сезінуі үшін емтихан алған өте дұрыс. Оқушының 10-11 сыныпта ҰБТ деп алдына мақсат қойып, сабаққа деген қызығушылығы мен жауапкершілігі арта түседі. Емтихан тапсыратын болса да дайындалады. Негізі бұрынғыдай билет алып, жауап берсе дейміз. Өйткені балада айттылым дағдысы қалып бара жатыр. Қазақ тілі пәнінде тек орыс сыныптарының ғана емес, қазақ сыныптарының да оқушылары әдеби кітаптарды оқымағандықтан көп сөздерді түсінбейді. Ауызекі сөйлегенде де жаргон сөздерді қосып айтады. Грамматика жоқтың қасы болғандықтан, сауат жағы ақсап тұр. Бұрынғыдай бір ізбен 5-сыныпта фонетикадан бастап, 9-сыныпқа барғанда грамматиканы меңгеріп, құрмалас сөйлем, пунктуацияны өтіп аяқтаса, одан әрі жоғары сыныптарда шешендік сөз өнерімен танысса, ойын дәл жеткізер еді. Сондықтан емтихан тапсыру өте дұрыс шешім болды, – дейді пән мұғалімдері.

Оқу-ағарту министрлігі мен Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 жылдарға арналған әдістемелік нұсқау хатын ұсынған. «Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнінен академиялық білім берудің мақсаты – қазақ тілінің әлеуметтік-қоғамдық қызметі (ана тілі – ұлт тілі, мемлекеттік тіл) туралы біртұтас білім бере отырып, тілдің танымдық, құрылымдық, тарихи мәнін, тілді қолданудың нормативті жүйесін игеріп, сөйлеу мәдениеті тәсілдерін меңгерген, ұлттық рухты бойына сіңірген дара тұлға тәрбиелену» делінген осы әдістемелік нұсқаулықта.

Аталған құжаттан түсінгеніміздей, қазақ тілі бастауыш, орта жоғары сыныптарда құрылымдық, функционалдық, тарихи жүйесі өзара тұтастықта, бірлікте кіріктіріліп оқытылады. Нәтижесінде оқушылар тілдің таңбалық жүйесі, әдеби тілдің нормасы, тарихы және тіл арқылы ұлтты, адамды тану туралы кешенді білім алады. Бұлар оқушының тіл тазалығын,

тіл анықтығын, дәлдігін игеріп, сөйлеу мәдениетін, сөз шеберлігін жетілдіруіне айтарлықтай үлес қосады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін кәсіпкерлік, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бұл пән бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) ескере отырып құрастырылды. Білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым A1, A2 (бастапқы) деңгейінде меңгереді. Мұғалім сабақ барысында оқушылардың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруға баса назар аударады. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарда сабақ сайын сөздік дидактик пен көшіріп жазуды өткізуге болады. Бұл жазба жұмыстары оқушылардың сауатты жазу дағдысын қалыптастырады.

Байқағанымыздай, мақсат айқын, дегенмен оған қол жетті ме? Егер қол жетті десек, қазақ тілін білу, сауатты жазу туралы талапқа «болашақта менен біреу бастауыш пен баяндауышты сұрамайтын шығар» деген әзір жауап беретіндер қайдан шықты? Бастауыш түгілі, он бір жылдықты бітірген орыс сыныбының оқушысы қазақ тілін қарапайым бастапқы деңгейде меңгере алмаса оның сұрауы кімнен?

Мемлекеттік тілді білу туралы талап болашақта қатаң түспесе, босаңсымайтын шығар. Сондықтан оқушылардың қазақ тілінен емтихан тапсыруы аяқай-шұға айналдыратын проблема емес деп ойлаймыз.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»



СЫР АРУЫ-2022

Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық музыкалық драма театрында «Сыр аруы-2022» сұлулық байқауы өтті. Іс-шараға облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Кәрімова мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов қатысты.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

«Сыр бойы түгел
сол қызды мақтан...»



Сайыстың мақсаты – қазақ халқының төл мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеп, жаңаша сипат беру.

– Ең алдымен барлық қатысушы қыздарға сәттілік тілеймін. Салт-дәстүрімізді қастерлеп, әдет-ғұрыптарды қадірлей білетін ару қыздарымыздың көптігі жанына жылу сыйлайды. Сайыста жеңіске жету мақсат емес, сол сайысқа бар күш-жігерін салып қатысқанның өзі – жеңіспен пара-пар. Сол себепті өздеріңізге сеніңіздер, жеңіске әрбір қазақ қызы лайықты, – деді Қ.Кәрімова.

Бұған дейін байқау қатысушыларын анықтау үшін қалалық «Qosy!» жастар орталығының ұйымдастыруымен кастинг өткен болатын. Кастингке 80-нен аса қатысушы келді. Олардың арасынан байқау талаптарына сай келетін 12 қыз «Сыр аруы-2022» облыстық сұлулық байқауына жолдама алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша сайыс қатысушыларына қойылған басты талап жас аралығы 16-23, бойы 1 метр 68 см-ден кем болмауы керек.

Жетінші рет сахна шымылдығын түрген байқау 4 кезең бойынша өтті. Сымбаты мен сыры жарасқан арулар алғашқы кезеңде қазақ қызына тән әдебімен өздерін таныстырды. Екінші кезеңде мың бұрала билеп, тамылжыта ән салып өз өнерлерін көрсетті. Үшінші кезеңнің ережесі бойынша қыздар қазылар алқасының дайындаған сұрақтарына жауап берсе, соңғы айналымда кешкі сән үлгісін көрсетіп, көпшілікті таңғалдырды.

– Қазақ қашанда қызға құрмет көрсетіп, төрден орын берген. Бүгін қыздардың сыртқы сұлулығы ғана емес, жан дүниесінің байлығы, білімі сарапқа салынады. Сайыста жеңімпаз атанған

ару республикалық «Қазақ аруы» байқауына жолдама алды. Сондықтан барша қатысушы қыздарға сәттілік тілеймін, – деді Ж.Тәжмаханов.

«Өз өнері» кезеңінде арулар халқымызға тән өнер түрлерін паш етті. Бірінші болып шыққан Айгерім Афияева халық биін билеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ал Әмина Ақмағанбет пен Айгерім Қуанышова жанды дауыста ән шыркаса, Әсел Шералиева, Бибігүл Жексенбаева және Әсел Нұрсұлтанқызы Шығыс биін биледі. Қазақ зиялылары туралы қойылымда қайсар әйелдің рөлін сомдаған Дильназ Кенесова жиналған қауымның жанарын жасқа толтырды. Аталған кезеңді аяқтаған Асылзат Өртай, Махаббат Жалғасова және Мөлдір Абылаева үнді биін бұрала билеп, көрермен көзіайымына айналды.

Сайыс арасында кеш жүргізушілері көрермендерге сұрақ қойып, демеушілердің бірі «Smart Shop» дүкені дайындаған арнайы сыйлықтарды табыстады.

Қазылардың шешімі бойынша байқаудың бас жүлдесін Жалағаш ауданынан келген Махаббат Жалғасова иеленіп, «Сыр аруы» атанды. 1-орынды сырдариялық Дильназ Кенесова алса, жүлделі 2-орын Әсел Нұрсұлтанқызына бұйырды. Ал 3-орынға Дильназ Шермахан және Акбота Төлеген есімді ару қыздар лайық деп табылды.

Сайыс жеңімпаздары арнайы дипломмен, қалған қатысушылар түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Барлық қыздар демеушілер дайындаған арнайы сыйлықтарға ие болды.

Кеш соңында халықтың ықыласына бөленіп жүрген отандық әншілер, кеш қонақтары ән шырықп, көрермен көңілін көтерді.

Әлем көз тіккен КАТАР



FIFA WORLD CUP
Qatar 2022

Биыл 22-мәрте өткізілетін доп додасы жөнінде шешім 2010 жылы Швейцарияның Цюрих қаласында қабылданды. Алғашқыда аталған турнирді ұйымдастыруға Катар, Австралия, АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония ниет білдірді. Алғашқы екі турда олардың үшеуі қажетті дауыс жинай алмады. Төртінші турда Катар – 14, АҚШ 8 дауыс алып, осылайша шағын мемлекет 2022 жылғы Әлем чемпионатын өткізу құқығын иеленді.

Катар дүние жүзі жұртшылығына мұнайға бай ел ретінде танылған. Сондықтан олар айтулы аламанға үлкен дайындық жасады. Әдетте, мұнда жаз мезгілінде өте ыстық ауа райы тіркеледі. Сондықтан турнирдің финалдық сатысы өз тарихында тұңғыш мәрте күз және қыс мезгілінде өтетін болды. Әрбір стадионда ауа салқындатқыш желісі іске қосылады. Температураның 27 градустан жоғары болмауы қадағаланады.

Әлем чемпионаты Катардың бес қаласында орналасқан сегіз стадионда өткізіледі. Олардың арасында Лукаил қаласындағы Ұлттық стадион 80 мың адамды емін-еркін қабылдай алады. Сондай-ақ, Эль-Хаур қаласындағы «Эль-Байт» стадионы 60, Эр-Райан қаласындағы «Халифа» 45,4, «Эдьюкейшн сити» 45,3, Эль-Вакра қаласындағы «Ахмед бин Али» 44,7, «Эль-Джануб», Доха қаласындағы «Стадион – 974» пен «Эль-Тумама» 40 мыңнан астам жанкүйерге арналған.

Катарда өтетін Әлем чемпионатына деген жанкүйерлердің қызығушылығы зор. Олар алғашқы күннің өзінде 1,2 миллион билет алуға сұраныс жасаған. Оған қызығушылық білдірген тұрғындар арасында Катардан өзге Аргентина, Мексика, АҚШ, Біріккен Араб Әмірлігі, Англия, Үндістан, Сауд Арабиясы, Бразилия және Франция елінің фанаттары бар. Сондай-ақ, жарыстың ашылуына қатысуға 80 мыңнан астам адам билет алуға ниет білдірген. Ал финалды көруге 140 мыңнан астам сұраныс түскен. Шетелдік жанкүйерлер үшін билеттің минималды бағасы – 69 доллар. Ол Ресейде өткен Әлем чемпионаты билетінен 36 долларға арзан. Ал төртінші санаттағы ең арзан билеттер 11 доллардан сатылымға шықпақ.

Дүбірлі долада 36 төреші қызмет етеді. Оларға алаң жиегінде 69 лайнмен көмектессе, VAR жүйесіне 24 төреші жауап береді. Олардың қатарында Стефани Фраапар (Франция), Салима Мукасанга (Руанда) және Йошими Ямасита (Жапония) сынды әйел төрешілер бар. Тарихта тұңғыш рет Әлем чемпионатында нәзікжандылар төреші қызметін атқарады.

2022 жылдың 30 наурызында айтулы аламанның ресми добы бекітілді. Ол араб тілінде «Al Rihla» атауын иеленді. Тәжімалағанда «саяхат» деген мағына білдіреді.

Биылғы жылдың 1 сәуірінде Әлем чемпионаты финалдық сатысының жеребесі тартылды. Нәтижесінде 32 құрама сегіз топқа бөлінді.

Құрамалардың топтарға бөлінуі төмендегіше:

А тобы: Катар, Эквадор, Сенегал, Нидерланды.

В тобы: Англия, Иран, АҚШ, Уэльс. С тобы: Аргентина, Сауд Арабиясы, Мексика, Польша.

Д тобы: Франция, Австралия, Дания, Тунис.

Е тобы: Испания, Коста-Рика, Германия, Жапония.

Ғ тобы: Бельгия, Канада, Марокко, Хорватия.

Г тобы: Бразилия, Сербия, Швейцария, Камерун.

Н тобы: Португалия, Гана, Уругвай, Оңтүстік Корея.

Әлем чемпионаты 20 қарашада Катар және Эквадор құрамаларының кездесуімен басталады. Әлемдік долада алаң иелері тұсаукесер ойынын өткізбек. Дүбірлі долаға дайындықты аталған құрама биылғы көктемнен бастап кетті. Сол кезден бері футболшылар жолдастық кездесуде шеберлігін шыңдап келеді. Дегенмен, нәтиже көңіл толарлық емес. Қыркүйек айында олар Сербияның олимпиадалық құрамасынан жеңіліп қалды. Осының өзі катарлық футболшылардың дайындығына сын болып тұрған жайы бар. Аталған құрамаға 2017 жылдан бері испаниялық маман Феликс Санчес жетекшілік жасап отыр.

Оңтүстік Америка құрлығынан келген Эквадор құрамасы іріктеу сатысында талайды таңғалдырды. Аталған жарыс сатысын сәтті өткізді. Олар Перу, Колумбия, Чили және Парагвайды артқа салып кетті. Құрама сапында Эннер Валенсия және Первис Эступиньян секілді есімі белгілі бірқатар ойыншылар ғана бар. Осыған қарамастан аргентиналық бапкер Густаво Альфаро әлемдік деңгейдегі жұлдыздары жоқ құраманы Әлем чемпионатына алып шықты.

Бүгінгі күнге дейін финалдық кезеңге көп қатысу жөнінен Бразилия құрамасы алда тұр, олар 22-ші мәрте айтулы аламанда бақ сынамақ. Одан кейінгі орындардағы Германия – 20, Италия мен Аргентина – 18, Мексика – 17, Англия, Франция, Испания – 16, Уругвай мен Бельгия 14-мәрте әлемдік додаға қатысады.

Қазірге дейін чемпиондық тұғырға небәрі 8 құрама көтерілді. Мұндай атаққа Бразилия 5 (1958, 1962, 1970, 1994, 2002) мәрте ие болып, көш бастап тұр. Одан кейінгі орындардағы Германия (1954, 1974, 1990, 2014) және Италия (1934, 1938, 1982, 2006) төрттен күбек алса, Аргентина (1978, 1986), Уругвай (1930, 1950), Франция (1998, 2018) екі-екіден чемпион атанды. Ал Испания (2010) мен Англия (1966) бір-бір мәрте жеңімпаз тұғырына көтерілді. Қазірге дейін чемпиондық кубок тек Еуропа және Оңтүстік Америка құрлықтарының құрамаларына тиесілі болып тұр.

Бразилия және Германия құрамалары бірде-бір рет Әлем біріншілігінің іріктеу кезеңінде сүрінбей, турнирдің финалдық сатысында тұрақты түрде бақ сынап келеді. Тек Германия 1930 және 1950 жылдардағы Әлем біріншілігіне қатысудан бас тартқан еді.

Әлем біріншілігінің ең үздік сұрмергені атағы Германия ойыншысы Мирослав Клозениң (16 гол) еншісінде тұр. Одан кейінгі орындарда Роналдо (Бразилия) – 15, Герд Мюллер (Германия) 14 голдан соқты.

Әлем чемпионатын 17 мемлекет өз жерінде өткізді. Атап айтқанда, Бразилия, Франция, Италия, Германия және Мексика, әрқайсысы екі рет қабылдады. Ал Уругвай, Швейцария, Швеция, Чили, Англия, Аргентина, Испания, АҚШ, Жапония және Оңтүстік Корея (бірлесіп), Оңтүстік Африка және Ресейде бір мәртеден ұйымдастырылды. Биылғы турнирден кейін 2026 жылы Канада, АҚШ және Мексика бірігіп өткізеді. Бұл Мексикаға үш Әлем чемпионатын өткізген алғашқы ел болуға мүмкіндік береді.

Әлем чемпионатын қазақстандық телеарналар тікелей эфирде көрсетеді. Мұндай міндет «Qazaqstan» және «Qazsport» телеарналарына жүктелген. Сондай-ақ, qazaqstan.tv және qazsport.tv.kz сайттары да тікелей көрсетілім тарады. Оған қоса «Qazaqstan.tv» мобильді қосымшасы арқылы да көруге болады.

Дүбірлі доладан тарататын тікелей көрсетілімдерді жүргізетін 14 комментатор белгілі болды. Олардың қатарында қазақ тілінде Есей Жәнісұлы, Ермұхамед Мәулен, Жандос Байділдә, Еркін Ерікұлы, Уәлихан Қосанбай, Әлімжан Асқарұлы, Руслан Бақытжан бар. Ал орыс тілінде Сергей Райлян, Ербол Кайыров, Дмитрий Нестеренко, Виктор Кирилук, Дінмұхаммед Төлегенов, Дидар Қадыров және Әділет Құсайынов тікелей эфир тізгінін ұстайды.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚ АҚ ЖЕКЕ ИНВЕСТОРЛАРДЫ КОМПАНИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУГЕ ШАҚЫРАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА Қ.

2022 жылғы 22 қараша
10:00

Prima Park бизнес орталығы, конференц-зал
Қонаев көшесі, 4



«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы»,
«Ақмешіт
жастары» және
ауданның барлық
басылымдарына
хабарландыру
орналастырғыңыз
келсе: **70-00-52**
телефоны арқылы
байланысуға
болады.
E-mail:
smjarnama@mail.ru